



*Мектепшілік бірыңғай
«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер
ұйымы*



Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 орта мектепте
16 -Желтоқсан Қазақстан Республикасының
Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай
«Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздікке – 30 жыл»
атты Республикалық бірыңғай
«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына
қабылдау рәсімі болып өтті.
«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының
қатарына 136 оқушы өтті.



«Жас Ұлан» - өскелең ұрпақты жоғары рухани – адамгершілік құндылықтар, гуманистік, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан ұйым.

«Жас Ұлан» өз қызметінде ҚР – ның Конституциясын, заңнамасы және де басқа нормативтік құқықтық актілерін, ҚР-да ратификацияланған халықаралық актілерді басшылыққа алады.



Ұйымның мақсаты:

Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық,
білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік,
Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына
деген жауапкершілікке тәрбиелеу.



Ұйымның міндеттері:

Қазақ халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани – адамгершілікті қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналығын арттыру, танымдық жұмыстарды ынталандыру, балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін жағдай жасау, жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.



«Жас Ұлан» ұйымына қабылдаушының Анты

Біз, Республикалық бірыңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер
ұйымының қатарына кіре отырып,
Отанымыз – Қазақстан Республикасының патриоты,
Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, дәріптеуге, Туған еліміз, жеріміз,
Отанымызды мақтаныш етуге, ата-анамызды қадірлеуге, үлкенге құрмет,
кішіге ізет көрсетуге, білімге табандылықпен ұмтылуға,
салауатты өмір салтын ұстануға, табиғатты аялауға, «Жас ұлан» ережесін
бұлжытпай сақтауға және оны өз достарымыздан талап етуге,
біздің жерлестеріміздің даңқты ерлігі, өнегесі негізінде ерлікке үйренуге
және Отанға шексіз қызмет етуге /Ант етеміз!/










